

## Мектеп директорларына


Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес музыка пәнінен мектеп оқушылар арасында 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында ұйымдастырылып отырған **2025 жылдың 5 наурыз күні сағат 10.00-де** №6 мектеп – гимназиясы базасында «**Аналар – асыл жандар**» атты аудандық ән байқауы өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес аудандық іс-шараға қатысатын білім алушылары туралы мәліметті **2025 жылдың 3 наурыз күніне дейін** (3 наурыздағы өтінімдер қабылданбайды) аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға жіберілуін қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

**Ескерту!** Байқаудың ережесі қосымша жолданады. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымща: 2 бет (байқау Ережелері).

Басшы



М.Сванов

« Бекітемін»

Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы

*М.А.Сванов*  
« 7 » ақпан 2025ж

## Аудандық « Аналар – асыл жандар» атты ән байқауының ЕРЕЖЕСІ

### *1. Жалпы Ереже*

1.1. Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі музыка пәнінен оқушылар арасында 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында ұйымдастырылып отырған аудандық «Аналар- асыл жандар» атты ән байқауын өткізеді.

### *2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері*

- 2.1. Балалар мен жасөспірімдерді аналар мен ару қыздар тақырыбы аясында кеңінен ізденулеріне жол ашу арқылы ізденімпаздыққа баулып, қыз баласы мен аналарымызды қадірлеп-құрметтеуге шақыру;
- 2.2. Қазақстан композиторларының аналар мен қыз-келіншектер тақырыбында жазылған әндерін қайта жандандыру;
- 2.3. Аналар мен аруларға арнап ән салғызу арқылы балалар мен жасөспірімдердің өнерге деген сүйіспеншілігін ояту және шеберліктерінің шыңдалуына ықпал ету.

### *3. Байқау шарттары*

- 3.1. Байқауда «Вокал» жанры бойынша байқауға қатысушы аналар мен ару қыздар тақырыбында бір ән жанды дауыста орындайды. Әннің әуені өңдеу жасалып, ( аранжировка) арнайы жанды дауыста сүйемелденуге лайықты сапада болуы қажет.
- 3.2. Аудандық байқауға қатысуға сұраныс 2025 жылдың 3 наурыз күніне дейін аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға өткізілуі тиіс.

#### **4. Қатысушылардың жас ерекшелігі**

7-9 жас аралығы – кіші топ	1 оқушы қатыса алады
10-13 жас аралығы – орта топ	1 оқушы қатыса алады

**Байқауға аудандық білім беру мекемелеріне қарасты мектеп оқушылары қатысады, бір мектептен бір ғана оқушы қатысады.**

#### **5. Қатысушының бағалау критерийлері**

- орындаушылық шеберлігіне;
- дауыс мәнері мен кеңдігіне;
- әннің өңделуі мен жазылу сапасына назар аударылады;
- сахна мәдениеті мен киім үлгісінің сәйкестігі.

#### **6. Байқауды өткізу мерзімі және жеңімпаздарды анықтау**

- 6.1. Байқауға 2025 жылдың 3 наурыз күніне дейін сұраныстар қабылданады;
- 6.2. Байқау 2025 жылдың 5 наурыз күні сағат.10.00-де №6 мектеп-гимназиясы базасында өткізіледі;
- 6.3. Байқау қорытындысы бойынша Бас жүлде, I,II,III орын және Алғыс хатпен марапатталады;
- 6.4. Қазылар алқасының шешімі қайта қаралып, талқыланбайды;
- 6.5. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

#### **Сұраныс үлгісі**

<b>№</b>	<b>Оқушының аты-жөні</b>	<b>Жасы, тобы</b>	<b>Мектеп атауы</b>	<b>Орындалатын әннің аты</b>	<b>Жетекшінің аты-жөні</b>	<b>Байланыс телефоны</b>
<b>1</b>						